

**ХКД арқылы жүк  
тасымалдаудың интермодальді  
және мультимодальді  
технологиялары**

Дәріс 9

# Көлік технологиялары жүйесіндегі мультимодалды тасымалдардың орны

---

- Жүк тасымалдауда көліктің түрі мен технологиялық схеманы таңдау әрбір нақты жағдайда жүктің категориясына, оның жеке топтамаларының көлеміне, тасымалдардың қашықтығы мен бағытына, жүктердің бағасына, жеткізу мерзімдеріне, клиенттердің кірме жолдарының болуына байланысты тасымалдардың нақты жағдайларымен анықталады.

**Қазақстан жағдайларында темір жол және автомобиль көлігін пайдалануға негізделген технологиялық көлік схемалары жиірек қолданылады.**

---

- 1. Тікелей темір жол тасымалдары, вагонмен де сондай-ақ ұсақтау топтамалармен де.
- 2. Тікелей автомобиль тасымалдары.
- 3. Темір жол – автомобиль тасымалдары.

- 
- Тасымалдаудың оңтайлы схемасын таңдау- тұтынушының басымдығы. Тасымалдардың практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, нақты технологиялық көлік схемасының көпшілік жағдайларда ең оңтайлы болатын салаларын анықтауға болады.
  - Ірі клиенттерге үлкен партияларымен салмақты жүктерді, (көмір, руда және т.б.) тасымалдау кезінде тікелей темір жол вагон тасымалдарды анағұрлым тартымды болады.
  - Жүктердің біршама шағын партияларын едәуір жақын және тіпті алыс қашықтықтарға да өте жедел тасымалдар үшін тікелей автомобиль тасымалдары басым күйінде қала береді.

- 
- Қалған жағдайлар үшін анағұрлым жетілдірілген көлік схемасына мультимодалды, соның ішінде құрама тасымалдар жатады, олар ең жаңа көлік технологияларымен жабдықталып, тасымалдарға қатысушы көліктің әр түрінің артықшылықтарын пайдаланудың есебінен жүктерді жеткізудің сапасы, бағасы мен мерзімдері бойынша көлікке қойылатын негізгі талаптарды қанағаттандырады. Осы технология автокөліктің икемділігін темір жолдың дәлдік, сенімділік, қауіпсіздік, тасымалдау бағасы бойынша артықшылықтарын ұштастыруға және жүкті «есіктен есікке» дейін жеткізу принципін іске асыруға мүмкіндік туғызады.

- 
- Қазір «шоссе- темір жол –шоссе» құрама тасымалдары Еуропа құрылығында көлік инфрақұрылымы мен тасымалдар ұйымдастырудың төл сипатына айналады, өйткені еуропа елдерінің жолдарындағы қарқынды қозғалыс жағдайларында осындай тасымалдар тиімділікті арттырумен қатар автомагистральдардағы қозғалыстар жиілігін сиретеді және жүк автокөлігінің қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерін күрт азайтады.
  - Мультимодалды тасымалдарды Қазақстан ұйымдастыру мен дамуы – республика көлік кешенін таяу перспективада жетілдірудің ең өзекті проблемаларының бірі. Осы жаңа технологияны тасымалдар практикасына енгізу көлік саласындағы жұмыстың тиімділігін арттырумен қатар тасымалдарға жұмсалатын қоғамдық шығындарды азайтуға, сондай-ақ халықаралық тасымалдарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және Қазақстан көлік жүйесінің әлемдік көлік жүйесіне интеграция жасауына мүмкіндік туғызады.

# Қазақстан Республикасында мультимодалды тасымалдар жүйесін қалыптастыру

---

- Қазақстан көлік саласы дамуының қазіргі деңгейі белгілі бір базалық жағдайларды қамтамасыз етеді және сол арқылы мультимодалды тасымалдар жүйесін қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.
- Мәселен, көлік кешенінде қажетті бастапқы инфрақұрылым бар (терминалдар мен қатынас жолдарының желесі), жүктерді есіктен есікке дейін жеткізуді қамтамасыз ету үшін аралас тасымалдар қолданылады.
- Республикада жұмыс істейтін көлік-экспедициялық фирмалар технологиясы бойынша мультимодалдыға жақын тасымалдарды орындайды, бірақ олар осы сөздің тура мағынасында бірқатар себептер бойынша мультимодалды тасымалдарға толық сай емес.
- Қазірдің өзінде мультимодалды тасымалдарды ұйымдастыруға болатын тасымал қызметінің белгілі бір салалары бар.

- Мәселен, бірінші кезеңде мультимодалды технологияларды қолдану үшін оңтайлы сала тұрақты тасымалдар болуы мүмкін. Сол тасымалдарды жетілдіру сөзсіз нақты экономикалық нәтиже береді. Олар ең алдымен едәуір алыс қашықтықтарға жасалатын автомобиль тасымалдары.
- Республика темір жол станцияларынан едәуір алыс қашықтықта орналасқан. Түпкірдегі әкімшілік аудандарға көтере жеткізілетін жүк тасымалдары да мультимодалды тасымалдарды қолданудың нақты саласына айналуы мүмкін. Осы тасымалдарды, әсіресе республика ішіндегі қатынастарда қазір бастан аяқ дерлік көбіне автокөлік жүргізеді. Экономикалық негізделген жағдайларда маршруттың бір бөлігіне темір жолдарды қосу арқылы мультимодалды технологияларды қолдану жабдықтау шығындарын едәуір азайтуы мүмкін.

- Оңтүстіктегі өндіруші аудандардан солтүстіктегі тұтынушы аудандарға ауыл шаруашылық өнімдері сияқты халық тұтынатын тауарларды тасымалдау үшін де мультимодалды тасымалдар ұйымдастыру перспективалы. Осындай тасымалдардың айқын көлік схемасы қоғамдық шығындарды үнемдеуді қамтамасыз еткен болар еді.
- Республикада мультимодалды тасымалдарды дамыту үшін қолайлы алғышарттардың қатарына сондай-ақ әркелкі көлік түрлерінің тоғысына орналасқан ірі көлік тораптарының болуын да жатқызуға болады. Атап айтқанда, осы технологияларды дамыту үшін әлеуетті мүмкіндіктер Павлодар темір жол-су көлігі торабында бар, ол республиканың аса ірі су күретамыры- Ертіс өзенімен қиылысатын Тобыл- Құлынды темір жол магистралінің бойына орналасқан.

---

Кезінде «КК ҒЗИ» Екібастұз көмірін аралас темір жол –су қатынасымен Ресейге тасымалын ұйымдастырудың мақсатқа сәйкестігін зерттеді. Оның тиімсіздігінің басты факторлары мыналар болып шықты: ЖЭО-на судан көмірдің үлкен мөлшерлерін қабылдау үшін Омбыда қажетті керек-жарақтың болмауы; үлкен навигацияаралық қосалқы қорлар жасау қажеттілігі; көмір таситын кемелерді тиеуді шектейтін өзен фарватерінің жай- күйі; көмір тиеу кезінде темір жол вагондарының бос тұруларын азайтатын тоқтаусыз жұмыс істейтін жоғарғы өнімділікті техниканың Павлодар портында болмауы.

- 
- Ақтау теңіз порты өте перспективалы мультимодалды көлік торабы болып табылады, ол темір жол, автомобиль және теңіз көлігі тоғысында жұмыс істейді. Каспий теңізі арқылы Ресеймен, Закавказьемен және Иранмен паром қатынасын ұйымдастыруға байланысты мультимодалды көлік схемаларын қолдану бойынша порт мүмкіндігі әсіресе өсті.
  - Мультимодалды технологияларды қолдану үшін экспорттық-импорттық тасымалдар саласында белгілі бір алғышарттар бар, мұнда өсу үдерісімен біршама орнықты жүк тасқындары қалыптасты. Осы тасымалдардың тиімділігін арттыру – еліміздің сыртқы экономикалық қызметін жетілдіру фактілерінің бірі.
  - Желінің кейбір жеке бағыттарында мультимодалды технологиялар-контрейлерлік тасымалдарды пайдалану арқылы транзиттік тасымалдар ұйымдастыру әбден мүмкін.

- Бірақ сонда да болса мультимодалды тасымалдар жүйесін қалыптастыру республикада өте баяу жүріп жатыр.
- Қазақстандағы көлік қызметтері рыногына мультимодалды технологиялардың баяу «енуі» себептерінің бірі, шамасы, елеулі тұрақты нәтиже алу үшін тасымал шарттарын жетілдіруге қаражаттар салудың қажеттілігі мен орындылығын ынталандыратын шоғырланған тұрақты жүк тасқындарының жоқ екендігі болса керек.
- Мультимодалды тасымалдардың дамуын тежейтін себептердің біріне мамандандырылған жылжымалы құрамның болмауы мен жүктердің қауіпсіздігі мен сақталуына кепілдіктің жеткіліксіз деңгейін жатқызу керек.
- Және ең ақырында, компьютерлік технологияларға негізделетін қазіргі заманғы ақпараттық қамтамасыздандырусыз мультимодалды тасымалдарды ұйымдастыру мүмкін емес.
- Мультимодалды тасымалдарды дамыту республика қажеттіліктеріне көлік қызметін көрсетудің ғана емес, сонымен бірге халықаралық тасымалдардың да тиімділігін арттырудың маңызды шарты.
- Мультимодалды тасымалдардың ұйымдастыру принциптерін Қазақстан аумағында транзиттік жүктердің өтуі кезінде ойдағыдай пайдалануға болады, мұның республика үшін ерекше маңызы бар, өйткені ел аумағын бірқатар халықаралық трансконтиненталды дәліздер қиып өтеді.

# Униmodalды, мультиmodalды және интерmodalды тасымалдын негізгі айырмашылықтары мен

## артықшылықтары

- Жүкті жөнелтуді ұйымдастырған кезде сіз бірнеше қол жетімді маршруттар мен көлік түрлерінің бірін таңдай аласыз. Ең жақсы қызмет жалпы шығындар, тасымалдау ұзақтығы, логистикалық күштер немесе қоршаған ортаға байланысты. Сонымен қатар, сіз көліктің бір түрін қолдана аласыз немесе әртүрлі маршрут түрлерін бір бағытта біріктіре аласыз, бұл әсіресе ұзақ қашықтыққа тасымалдау үшін пайдалы болуы мүмкін. Униmodalды, мультиmodalды немесе интерmodalды тасымалдын басты айырмашылықтар мен артықшылықтар қандай?

Тасымалдаудың әртүрлі түрлерін дұрыс салыстыру үшін алдымен осы терминдердің әрқайсысының мәнін түсіну керек. Тауарларды біркелкі емес жолмен тасымалдау кезінде өнімдер бір көлік түрімен, негізінен автомобильмен жеткізіледі, өйткені бұл есіктен үйге жеткізілім үшін ең тиімді болып табылады.

Тиімді тасымалдауды алу үшін сіз екі немесе одан да көп көлік түрлерін, мысалы, автомобиль, теміржол, теңіз және әуе көлігін біріктіре аласыз. Аралас көлікті екі санатқа бөлуге болады: мультимодальды және интермодальдық. Оларды ұзақ қашықтыққа жеткізу үшін ғана емес, сонымен бірге клиенттің жеткізу уақыты шектеулі немесе арнайы өңдеуді қажет ететін жеткізілім қажет болған жағдайда да қолдануға болады.

Интермодальды және мультимодальды көліктің айырмашылығы неде?

Интермодальды және мультимодальды көліктің негізгі айырмашылығы келісім-шарт түрі мен логистикалық басқарудың көлемі болып табылады. Егер интермодальды жеткізілім қолданылса, тасымалдаудың әр сегменті әртүрлі тасымалдаушылармен жеке ұйымдастырылуы керек, олардың әрқайсысының жеке келісім-шарттары бар.

Интермодальды көлік көп логистикалық күш салуды талап етеді, бірақ жіберушіге әр логистикалық провайдермен келіссөздер жүргізуге мүмкіндік береді.

Егер компания көліктің мультимодальды түрін таңдаса, барлық тасымалдау тек бір логистикалық қызмет жеткізушісімен бір келісімшарт бойынша жүзеге асырылады. Бұл бір логистикалық провайдер, тіпті кейбір сегменттерді «нақты тасымалдаушылар» деп аталатын қосалқы тасымалдаушыларға өткізсе де, барлық көлік үшін жауапты екенін білдіреді.

Көліктің бұл түрі аз логистикалық үйлестіруді қажет етеді, өйткені барлық тасымалдауды бір компания ұйымдастырады.

Біз компанияларға және жеке пайдаланушыларға мультимодальды тасымалдау көмегімен жеткізуді ұсынамыз.

# Жүк тасымалдайтын контейнерлердің болашағы

Контейнерлік тасымалдар жүктерді қазіргі заманғы тасымалдау түрі ғана емес, сонымен қатар ең тиімді түрі болып саналады. Олар ішкі қатынаста да, халықаралықта да қолданылады. Жүк контейнері (container – ағылш. «сыйымдылық, ыдыс») жүктерді ыдыссыз әртүрлі көліктермен тасымалдау үшін арналған стандартты ыдыс және жүкті сақтау орнының ыдысы болып табылады және көп рет қолданудың көліктік құрылғысының бірлігі деп саналады.

**Соңғы жылдары Әлемдік экономиканың дамуында Қазақстанның көліктік жүйесінің әлемдік жүк ағымдарын игеруіндегі рөлінің өсуі артатынын күтуге болатынын тікелей немесе тұспадап аңғартатын беталыстар айқындалды. Бұлар:**

---

- 1. Әлемдік сауда өсімі қарқынының экономика өсімі қарқынынан оза дамуы; 2. Азия-Тынық мұхиты аймағының әлемдік экономика мен саудадағы рөлі өсуінің барған сайын күшейіп келе жатқаны; 3. Қытай елдерінің арасындағы сауда көлемінің ұлғаюы; 4. ТМД елдерінің арасындағы сауда көлемінің ұлғаюы; 5. Теңіз маршруттары мен порттарында өткізу қабілеті төңірегіндегі мәселелердің жиі көтеріле бастауы; 6. Еуропа мен Солтүстік Америкадағы өндірістік кәсіпорындардың Азия елдеріне көшіріліп ауыса бастауы.

# Қазақстан Республикасындағы жүк тасымалдарын контейнерлендіру Бағдарламасының негізгі міндеттері

## ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:

- контейнерлік тасымалдар саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру;
- контейнерлік тасымалдар жөніндегі тарифтік саясатты жетілдіру;
- контейнерлік тасымалдар саласындағы салық салу жүйесін жетілдіру;
- контейнерлік тасымалдардың көліктік инфрақұрылымын жаңартпалап дамыту.